



**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы**

**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ,  
СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН» студенттердің  
IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,  
STYLISTICS, FINE TEXT»  
IV international scientific-theoretical  
conference of students  
MATERIALS**

**Астана, 2023**

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NAMED BY L.N. GUMILEV  
FACULTY OF PHILOLOGY  
DEPARTMENT OF KAZAKH LANGUAGE EDUCATION



**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ, СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН»  
студенттердің IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,  
STYLISTICS, FINE TEXT»  
IV international scientific-theoretical conference of students  
MATERIALS**

**Астана қаласы, 2023**

**ӘОЖ 80/81+821.0**  
**ББК 81.2+83.3**  
**С37**

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті  
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

**Редакция алқасын басқарған:** Бейсенбай А.Б.  
**Редакция алқасы:** Маликов Қ.Т.  
Саркенова Қ.Қ.  
Өмірбекова Ж.Қ.

**С37**

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына орай «Серғалиев сабақтары – 2023» аясында өткізілген студенттердің «Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін» атты IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, – 139 б. 2023.

**ISBN 978-601-337-820-6**

Конференция материалдарының жинағына академик М.С. Серғалиев еңбектерінің контексі, тіл мен ұлт, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, дискурс, контекст, тіл мәдениеті, көркем мәтін, тілдің құрылымдық, семантикалық және функционалдық мәселелері бойынша мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ филология факультетінің білім алушыларына арналады.

**ISBN 978-601-337-820-6**

**ӘОЖ 80/81+821.0**  
**ББК 81.2+83.3**

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022  
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

2. Кенжеахметұлы С. Туыстық атаулар сыры. Алматы: «Ана тілі», 2003. – 43 б.
3. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы, 1973. – 195 бет
4. Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 46 б.
5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
6. Құрышжанов Ә., Томанов М. Орхон-Енисей ескерткішінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері. – Алматы, 1964. – 45–57 б.
7. Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А. Көне түркі тілі. – Қарағанды: «Санат-Полиграфия» ЖШС, 2009. – 135 б.
8. Историческое развитие лексики тюркских языков. – М.: Изд-во АН СССР, 1961. – 466 с.
9. Тұрсынова М.А. Түркі тілдерінің дыбыс жүйесі. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. – 6-б.
10. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ МОНҒОЛ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ ТҮБІРЛЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОБЫ

**Бекболат Н.**

*nurdanabekbolat2@gmail.com*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,*

*В037-2305-19-01 тобының 4-курс студенті*

*Астана, Қазақстан*

*Ғылыми жетекшісі – Шоқабаева С.С.*

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ және моңғол тілдеріне ортақ түбірлердің лексика-семантикалық тобы қарастырылады. Салғастыра зерттеу нәтижесінде салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімінің өкілдері – түркітанушы, алтайтанушы Ш.Ш. Сарыбаев, Л.И. Сем, Ә. Қайдаров, М.Оразов, Б. Базылхан т.б. ғалымдардың ғылыми концепциясын және әдіснамалық, теориялық тұжырымдарын негізге ала отырып қазақ, моңғол тілдеріне ортақ түбірлердің лексика-семантикалық тобындағы атаулардың фонетикалық жүйесі, мағынасы мен айтылуы бойынша сәйкестігі талданады.

**Аннотация.** В статье рассматривается лексико-семантическая группа корней, общих для казахского и монгольского языков. В результате сопоставительного исследования, основанного на научных концепциях и методологических, теоретических заключениях алтаеведов, тюркологов – представителей сравнительно-сопоставительной лингвистики Ш.Ш.Сарыбаева, Л.И.Сем, Ә.Қайдарова, М.Оразова, Б. Базылхан и других учёных, анализируется совпадение в фонетической системе, семантике и произношении наименований в лексико-семантических группах корней, общих для казахского и монгольского языков.

**Annotation.** Lexical and semantic root groups common for Kazakh and Mongolian languages are considered in the given article. As a result of a comparative study based on scientific concepts and methodological, theoretical conclusions of Altaic scholars, Turkologists – representatives of comparative linguistics Sh.Sh.Sarybaev, L.I.Sem, A.Kaidarov, M.Orazov, B.Bazykhan and other scientists the coincidence in the phonetic system, semantics and pronunciation of names in the lexical-semantic groups of roots common to the Kazakh and Mongolian languages is analyzed.

Лексика – тілдің өзгеріске ең бейім саласы. Сондықтан да тіл мен тіл арасындағы лексикалық ауыс-түйістер басқа элементтерге қарағанда көбірек кездеседі, осы қасиетіне байланысты қандық туыстықты анықтауда лексикалық сәйкестік қажетті бір көрсеткіш болса да, шешуші түйіні болып саналмайды. Егер кез келген тілдің сөздік құрамына көз салып қарайтын болсақ, олардың барлық саласы бірдей өзгеріске түсіп, ауыса бермейді екен. Олардың ішінде тұрақтылары да, өзгергіштері де кездеседі. Осындай біршама тұрақты

лексика-семантикалық топқа туысқандық атаулар, дене-мүше атаулары, күнделікті тіршілікке байланысты тұрмыстық атаулар т. б. жатады. Ал етістік болса, зат есімдерге қарағанда әлдеқайда тұрақты, тіпті, ол – бір тілден екінші тілге мүлдем ауыспайтын категория. [1; 47 б.]

«Қазіргі қазақ, моңғол тілдеріндегі қырық мың (40000) сөз мөлшері бойынша жасаған менің есебімше, мың жарымнан (1580) астам байырғы түбір сөздер, сол түбірден қосымша морфемалар арқылы жаңғырып өнетін сөздер жиырма төрт мыңнан (24000) астам туынды сөз бар. Бұл ортақ сөздер мағына жағынан, дыбыстық, тұлғалық жағынан бірден танылады да, ал 1420-дей түбірден өнетін он екі мыңдай (12000) туынды сөз дыбыстық, тұлғалық жағынан танылмастай өзгеше болып кеткен. Мысалы: қазіргі қазақ тіліндегі «жадағай, шалма, («ч»-шыл говорда «чалма»), сылтау, қара, тақа» сөздері, көне моңғол тілінде «жадағай, чалма, сылтақ, қара, тақа» тұлғасында; қазіргі моңғол тілінде «задгай, цалам, шалтаг, хар, тах» тұлғасында кездеседі. Мұндай ортақ сөздердің төркіндестігі бірден ажыратылады. Ал қазіргі қазақ тіліндегі «арша, аша, («ч»-шыл говорда «арча, ача»); буаз» сөздері қазіргі моңғол тілінде «арц, ац, боос» тұлғасында кездеседі. Мұндай ортақ сөздерді бірден танып ажырату оңайға соқпайды. Мәселен, соңғы үш сөздің көне моңғол тілінде «арча, ача, боғас||боғус» тұлғасында болуы көне моңғол тіліндегі сөздердің дыбыстық, тұлғалық жағы қазіргі қазақ тіліне дәл сәйкес болғанын куәлейді». [2; 46 б.]

Орта Азияны өте ерте кезден-ақ адамдар мекен етті. Шамалап айтқанда, қазіргі түркі моңғол тілдес халықтар мекен етіп отырған жерлерде адамдар бұдан 100-200 мың жыл бұрын тіршілік етті деген тарихи деректер бар [3; 51 б.]; [4; 13-15 б.] Қытай деректеріне қарағанда, біздің заманымыздан бұрынғы 3000 жылдың алдында Орталық Азия мен Қытайдың солтүстік жағында түркі, моңғол тілдес көшпелі тайпалар көршілес мекен еткені жөнінде мәліметтер бар [3; 79 б.]. Ол кездегі түркі, моңғол көшпелі тайпаларының әлеуметтік-экономикалық өмірі ортақ желілес болды. Бұл ортақ желілестік түркі, моңғол тілдерінде, соның ішінде қазақ, моңғол тілдерінде негізгі сөздік қордың ортақ болуына әкеп соқтырды. Сөйтіп, Б. Базылхан, қырық жылдай екі тілді салыстырып зерттеудің нәтижесінде қазақ, моңғол тілдерінің қазіргі сөздік қоры бір және екі буынды үш мыңдай ортақ түбір сөзден туындаған деп қорытынды жасайды. Дәлірек айтқанда, былай дейді: 1) тұлғасы, мағынасы тура дәл сәйкесетін, 1580-дей бір және екі буынды байырғы түбір сөздерден; 2) тұлғасы, мағынасы ұзақ уақытқы даму барысында эволюциялық өзгеріске ұшыраған; төркіндес түбір сөз екендігі бірден таныла қоймайтын, 1420-дай түбір сөзден туындаған. Қазақ, моңғол тіліндегі екі тілге ортақ түбір сөздер мен туынды негіз сөздерді жалпылық топтарға және сөздің түсінік аумағын онан бетер дәлдікпен түсіну үшін әрбір жалпылық топтарды ұсақ топтарға бөлуге болады. Ол жалпылық топтар төмендегідей:

**Туыстық атаулар.** Ерте кездегі халықтар тарихына байланысты деректерге қарағанда, бір ру адамдары өз руы ішінде өзара бір-бірімен үйленбей көршілес екінші румен отбасылық қатынас жасап отырды дегенді айтады. Моңғол, қазақ тілдеріндегі туыстық қатынасты білдіретін сөздердің ортақ болуы көбінесе екі жат ру аралық-отбасылық қатынасына ықтимал. Екі тілде де бұл атаулардың мағынасы мен дыбыстық жүйесі үйлес келеді. Түркі, моңғол тіліндегі туыстық атауларды Ц.Д. Номинханов, Ш. Сарыбаев, Л.А. Покровская, В.И. Цинциус қатарлы түркітанушы ғалымдар салыстыра зерттеген.

**Мал шаруашылығына байланысты атаулар.** Түркі, моңғол тілдерінде малға және оны малдануға байланысты атау сөздер: үй жануарларының аты, олардың дене мүшелерінің атауы, малдың өң-түсі, жасы, мал шаруашылығынан пайдаланатын тағамдар мен бұйымдардың, мал малдауға керектенетін бұйымдардың атауы, мал шаруашылығына байланысты қимылды білдіретін сөздер түрінде кездесетінін Ц.Д.Номинханов, А.М.Щербак дәлелдеген болатын. Түркі, моңғол тілдеріне ортақ келетін мал шаруашылығына байланысты атаулардың бірсыпырасы қазақ, моңғол тілдеріне дыбыстық жүйесі сәйкес келеді де, енді бір

топ атаулар дыбыстық жүйесі бойынша өзгеше түрде үйлеседі. Қазақ, моңғол тілдеріне ортақ мұндай атауларды Ш.Ш. Сарыбаев та атап көрсеткен болатын [5; 34-71 б.].

**1. Түйе малына қатысты атаулар.** Түйе малына қатысты заттық, қимылдық атаулардан қазақ, моңғол тіліне ортақ бірқатар сөздер бар. Олардың ең бастылары: бұғұра=буур=бура-пішілмеген еркек түйе, іңген=ингэ=іңген –боталайтын түйе т.б.

**2. Жылқы малына қатысты атаулар.** Мысалы: ажырға=азрага=айғыр – үш жастан жоғары пішілмеген еркек жылқы, арғұмақ=аргамаг=арғымақ – жүйрік, сұлу ат, чідүр=чөдөр=шідер//чідер – аттың аяғын бекітетін қайыс бау т.б.

**3. Сиыр малына қатысты атау сөздер.** Сиыр малына қарасты атау сөздерден біразы мағынасы мен дыбыстық жүйесі дөп үйлесіп келеді де, ал көпшілігі дыбыстық жүйесі жағынан сәл өзгеше, мағынасы жағынан ауыспалы түрде үйлеседі. Мысалы: қазақ тіліндегі бұзау, қазақ тілі говорларында бызау [6; 25 б.] сөзі, моңғол тіліндегі бырағу>бярүү сөзімен дыбыстық жүйесі жағынан шамалы өзгеше, мағынасы жағынан ауыспалы, түлік ұғымын беру түрінде үйлесіп тұр. Сиыр түлігіне байланысты бұдан басқа бірқатар сөздер дыбыстық жүйесі мен мағынасы жағынан үйлеседі. Олар: бұқа>бух=бұқа, құнан>гунан-құнажын; дөнүн>дөнөн-дөнен; мөгереку>мөөрөх-мөңіреу; Моңғолия қазақтарының тілінде мөңүреу түрінде кездеседі.

**4. Қой, ешкі малына қатысты атау сөздер.** Қазақ, моңғол тілдерінде қой мен ешкі малына қатысты заттық, қимылдық атаулардан да ортақ сөздер бар. Олар дыбыстық жүйесі жағынан да, мағынасы жағынан да шамалы ғана өзгеше, мағынасы жағынан негізінде үйлесіп келеді. Мысалы: серке=сэрх=серке; қоны=хонь=қой т.б.

**Адам мен малдың дене мүшелеріне қатысты атау сөздер.** Адам мен малдың дене мүшелеріне қатысы бар заттық, қимылдық атаулар қазақ, моңғол тілдеріне ортақ. Олардың бір тобының дыбыстық жүйесі шамалы өзгеше де, енді бір тобының дыбыстық жүйесі дәл үйлеседі. Ал, мағынасы екі тілде де сәйкеседі. Олар: маңнай=магнай=маңдай; тагнай=тагнай=таңдай; сақал=сахал=сақал т.б.

**Малдың өң, түсін білдіретін сөздер.** Бес түлік малдың өң, түсіне қатысты сөздердің дыбыстық жүйесінде шамалы өзгешелік бар. Ал мағынасы дәл үйлес келеді: Мұндай ортақ сөздер шамамен 30-ға жуық екені байқалды. Бірнеше мысал келтірсек: қара=хар=қара; тарлан=тарлан=тарлан; күренг=хүрэн=күрең т.б.

**Малдың түсіміне қатысты атаулар.** Бес түлік малдың сүтінен істелетін тағамдар мен жүнінен, терісінен жасалатын бұйымдардың атауы дыбыстық жүйесі жағынан шамалы өзгеше, ал мағынасы жағынан үйлеседі. Кейбір сөздер ауыспалы мағынада кездеседі. Мысалы:сағамал=саамал=саумал; егежегей=ээзгий=ежігей т.б.

**Үй бұйымына қатысты атаулар.** Қазақ, моңғол тілдерінде үй бұйымдарына қатысты бірқатар ортақ атаулар бар. Олардың дыбыстық жүйесі бірнеше сөздегі дыбыстық өзгешелігін еске алмағанда, негізінде сәйкеседі. Ал мағына жағынан дәл үйлеседі. Олар: босұға=босго=босаға; тұғұрға=туурга=туырдық т.б.

**Аң, хайуанаттарға қатысты атаулар.** Аң, хайуанаттарға қатысты атауларды Кеңес Одағының түркітанушылары да салыстыра зерттеп келген. Қазақ, моңғол тілдерінде аң мен хайуанаттарға, аңшылық кәсіпке қатысы бар атаулардың мағынасы дәл үйлес келеді де, тек дыбыстық жүйесінде өзара алмасу, өзгеріс байқалады. Мысалы: аңг=аң=аң; бұғұ=буга=бұғы; сағадақ=саадаг=садақ т.б.

**Өсімдікке, егіншілікке қатысты атаулар.** Егіншілік пен өсімдікке қатысты сөздердің дыбыстық жүйесінде шамалы ғана өзгешеліктер болғанымен, мағынасы екі тілде де бірдей. Екі тілдегі мұндай атауларды Ш.Ш.Сарыбаев [5] та атап көрсеткен-ді. Ол атаулар: боғұдай=буудай=бидай (бүйдәй); арбай=арвай=арпа; бұта=бут=бұта т.б.

**Табиғат құбылыстарына қатысты атаулар.** Сан алуан табиғат құбылысына байланысты бірқатар атаулар екі тілде де кездеседі. Ол атаулардың дыбыстық жүйесінде, басқа да атау сөздер сияқты алмасу, сәйкесу құбылысы байқалады. Ал мағынасы жағынан дәл үйлеседі де, бірен-саран сөздер ауыспалы мағынада қолданылады. Мысалы: қазақша боран сөзі жел мағынасында қолданылса, моңғолша борұған>бороо (н) сөзі жаңбыр мағынасында; қазақша салқын сөзі «суықтау» мағынасында қолданылса, моңғолша салқын>салхин сөзі «жел» мағынасында қолданылады.

**Уақыт, мезгілге қатысты атаулар.** Қазақ, моңғол тілдерінде шаққа, мезгілге байланысты біраз ортақ сөздер бар. Ол сөздердің көне моңғол тіліндегі дыбыстық жүйесімен үйлеседі. Ал мағыналары бірдей болып келеді. Ол атаулар: жіл=жил=жыл; қаранғұй=харанхуй=қаранғы т.б.

**Кеңістік, мекендік ұғымға қатысты ортақ сөздер.** Қазақ, моңғол тілдерінде жер бетінің биіктігі мен аласалығына, алыс-жуығына, қандай да бір сипатына қатысты кеңістік-мекендік ұғым шеңберінде қолданылатын көптеген ортақ сөздер бар. Мұндай атаулардың бірқатарын Алтай төркіндес тілдер шеңберінде Л.И.Сем [7] атап өтеді. Олар: алұс=алс=алыс; қабчыл=хавцал=қыпшал т.б.

**Темір тегіне және одан жасалған бұйым атаулары.** Қазақ, моңғол тілдерінде темір тегіне қатысты атаулар мен олардан жасалған бірқатар бұйымдардың аты ортақ. Мысалы: алтын=алтан=алтын; темүр=төмөр=темір; жебе=зэв=жебе т.б.

**Адамның ақыл-ой, көңіл-күйі, сезіміне қатысты атаулар.** Қазақ тілінде де, моңғол тілінде де адамның ақыл-ой, көңіл-күйін білдіретін бірқатар ортақ сөздер бар. Ол сөздердің дыбыстық жүйесінде аздаған өзгешеліктер бар, бірақ мағыналары бірдей. Мысалы: серекү=сэрэх=сезу, ғұтүркү=гутрах=кұтыру т.б.

**Іс-әрекет, қозғалыс, қимылға қатысты ортақ сөздер.** Қазақ, моңғол тілдерінде адамның сан алуан тіршілік тұрмысына, қозғалыс-қимылына, іс-әрекетіне қатысты етістіктер мен қимыл есімдері салыстырмалы шамада екі тілдегі ортақ сөздердің 50 пайызын құрайды. Олардың дыбыстық жүйесінде басқа ортақ сөздер іспеттес сәйкесу, алмасу құбылысы бар. Бұл арада ол сөздердің бәрін тізбелей берсек, онда мұндай ортақ сөздер «шағын сөздік» болып шығар еді. Олар: бүркүкү=бүрхэх=бүркеу, төлүкү=төлөх=төлеу//төлөу т.б.

Қорытындылап айтқанда, біріншіден, қазақ, моңғол тілдеріндегі мал, егін шаруашылығы мен аң аулау кәсібіне, адам мен малдың дене мүшелеріне, үй бұйымдарына, өсімдіктерге, табиғат құбылыстарына қатысты атаулардың көпшілігі кейбір фонетикалық өзгешелігін есепке алмағанда, мағынасы мен айтылуы бойынша сәйкеседі. Екіншіден, қазақ, моңғол тілдеріне ортақ атау сөздердің фонетикалық жүйесі, екі тілдің де қазіргі жағдаймен есептегенде көне моңғол тілінің фонетикалық жүйесі қазіргі қазақ тілінің фонетикалық жүйесі негізінде сәйкеседі. Үшіншіден, атау сөздердің бұл ортақтығы Алтайлық тектілердің «ымтіл» дәуіріндегі «V», «CV» типті түбір морфемасының ортақтығынан басталып, түбір сөздердің ортақтығына ұласты. Ол ортақ түбір сөздерден ортақ туынды сөздер жасалады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 248 б.
2. Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдері бойынша салыстырмалы зерттеулер. – Өлгий, 1993. – 60 б.
3. БНМАУ-ын түүх, боть I, УБ, 1966. – 496 х.

4. История Казахской ССР. – Алма-Ата, 1957. – 127 с.
5. Сарыбаев Ш.Ш. Монгольско-казахские лексические параллели // Проблема общности алтайских языков. – Наука, 1971. – 262 с.
6. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 328 с.
7. Сем Л.И. К вопросу о пространственных представлениях и способах их выражения в Алтайских языках // Проблема общности Алтайских языков. – Наука, 1971. – 230 с.

## **ҚАЗАҚ ҒАЛЫМДАРЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ СӨЗДІК ПЕН ҚАЗІРГІ ЭЛЕКТРОНДЫ СӨЗДІКТЕРДІҢ ДАМУЫ**

**Бижанова М.**

*bizhanovamarzhan2002@mail.ru*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,  
6B02305 «Филология: қазақ тілі» тобының 4-курс студенті  
Астана, Қазақстан*

*Ғылыми жетекшісі – Сағидолда Г.*

**Аңдатпа.** Қазақ тілі біліміндегі сөздіктердің құрылысы мен әдістемесі жылдан-жылға айтарлықтай жақсарып, дамып келеді. Тіліміздегі сөздерді стильдік арақатынасына қарай іштей саралай отырып, оларды белгілі бір нормаға келтіру бірінші орынға қойыла бастады. Сол себептен де бұл мақалада қарастырылатын басты мәселе – қағаз сөздіктері негізінде дәстүрлі қағаз сөздік пен электронды сөздіктердің дамуын қарастыру және оларды салыстыру.

**Аннотация.** Структура и методика словарей в образовании казахского языка из года в год значительно улучшаются и развиваются. На первое место стали ставить приведение слов в определенную норму, внутренне дифференцируя их по стилистическому соотношению. Поэтому основной вопрос, который будет рассмотрен в этой статье, - это сравнение традиционных бумажных словарей и электронных словарей на основе казахских словарей.

**Annotation.** The structure and methodology of dictionaries in the education of the Kazakh language are significantly improved and developed from year to year. In the first place, they began to put the reduction of words to a certain norm, internally differentiating them by stylistic ratio. Therefore, the main issue that will be considered in this article is the comparison of traditional paper dictionaries and electronic dictionaries based on Kazakh dictionaries.

Сөздік бұл тілдің сөздік қорын басқа бір кезеңге жеткізетін негізгі қайнар көз болып табылады. Олар жазу мақсатына қарай әртүрлі болады. Олар халықтармен байланыс орнату, оларды тану және насихаттау мақсатында жазылған.

Қазақ лексикографиясы қазақ тіл білімінің өзге салалары тәрізді негізінен соңғы елу-алпыс жыл ішінде туып қалыптасты. Ұлт мәдениетінің дамып, ғылым мен техниканың өркендеуі, әдеби тілдің қалыптасуы сөздіктердің әр түрін шығаруға жағдай жасады. Революцияға дейін бізде не бары екі тілді шағын сөздіктер ғана болса, онан бергі кезеңде 10-15 түрлі сөздік түрлері пайда болды. Солардың ішінде ең көп шыққан түрі – екі тілді аударма сөздіктер. [1].

Қазақ ғалымдары сөздіктерді саралап, оларды қолданысы мен мақсатына қарай бірнеше түрге бөліп қарастырған. Мысалы ғалым К. Ахановтың бөлуі бойынша, сөздіктер:

І. Сөздердің шығу тегі мен олардың семантикалық дамуы туралы мағлұмат беретін сөздіктер. Оларға: 1. Этимологиялық сөздік. 2. Тарихи сөздік.